



ДЕПУТАТТАР ТУРИСТІК ӘЛЕУЕТПЕН ТАНЫСТЫ

**МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМІ
НҮРДӘУЛЕТ ҚИЛЫБАЙ ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН,
АҚМОЛА ОБЛЫСТАРЫ ЖӘНЕ АСТАНА
ҚАЛАСЫНАН АРНАЙЫ КЕЛГЕН МӘСЛИХАТ
ДЕПУТАТТАРЫМЕН КЕЗДЕСУ ӨТКІЗДІ.**



Делегация Маңғыстау өңіріне өңіраралық ынтымақтастықты нығайту, тәжірибе алмасу және бірлескен жобаларды талқылау мақсатында іссапармен келді. Кездесу барысында аймақтың әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштері, туризм саласының әлеуеті, инвестициялық мүмкіндіктер, инфрақұрылымдық жобалар және өңіраралық әріптестікті дамыту мәселелері жан-жақты талқыланды. Сондай-ақ тараптар өңірлер арасындағы мәдени, экономикалық және туристік байланысты күшейтудің маңызына тоқталды.

Облыс әкімі мәртебелі меймандарға Маңғыстаудың табиғи ерекшелігі мен тарихи-мәдени мұрасын таныстырып, өңірдің бүгінгі даму қарқыны туралы кеңінен әңгімеледі. Аймақ басшысы

жастарымен, мәдениетімен және жетістіктерімен мақтанады. Соңғы жылдары білім мен инновация саласында да жақсы нәтижелер көрсетіп келеміз. Әсіресе Жаңаөзен жастары робототехника бағытында республикалық

бағытындағы бастамаларына және экологиялық жобаларына жоғары баға берді. Сонымен қатар қонақтар аймақтың туристік әлеуеті республика көлемінде кеңінен насихатталуы тиіс екенін айтып, ішкі туризмді дамыту бойынша бірқатар ұсыныстарын ортаға салды.

Атап айтқанда, еліміздің өзге өңірлеріндегі балалар мен жастарды Маңғыстауға танымдық және демалыс сапарларымен жиі жіберу мәселесі көтерілді. Делегация өкілдерінің пікірінше, бұл бастама жастардың туған ел тарихын тереңірек тануына, ұлттық құндылықтарды насихаттауға және өңірлер арасындағы байланысты нығайтуға ықпал етеді. Іссапар аясында қонақтар Маңғыстаудың тарихи-мәдени орындарын, туристік нысандарын және теңіз инфрақұрылымын аралап көрді. Сонымен қатар өңірдің инвестициялық және экономикалық мүмкіндіктерімен танысып, жүзеге асырылып жатқан бірқатар жобалар жөнінде ақпарат алды. Кездесу соңында тараптар өңіраралық ынтымақтастықты одан әрі дамытуға, тәжірибе алмасу бағытындағы жұмыстарды жалғастыруға және бірлескен бастамаларды жүзеге асыруға мүдделі екендерін жеткізді.

«МАҢҒЫСТАУ» АҚПАРАТ



Маңғыстаудың тек өндірістік әлеуетімен ғана емес, рухани құндылықтарымен, талантты жастарымен және туризм саласындағы мүмкіндіктерімен де ерекшеленетінін атап өтті.

– Маңғыстау – табиғаты мен тарихы астақан, өзіндік болмысы бар ерекше өңір. Біздің өлкеміз қонақжайлығымен қатар, дарынды

және халықаралық деңгейде табысты өнер көрсетуде. Осындай кездесулер өңіраралық ынтымақтастықты тереңдетіп, өзара тәжірибе алмасуға үлкен мүмкіндік береді, – деді Нұрдәулет Қилыбай.

Кездесу барысында делегация мүшелері де Маңғыстау өңірінің ерекше табиғатына, теңіз туризмін дамыту

КОММУНАЛДЫҚ ҚЫЗМЕТ САПАСЫ АРТАДЫ

**МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫНДА
КОММУНАЛДЫҚ ИНФРАҚҰРЫЛЫМДЫ
ЖАҢҒЫРТУҒА БАҒЫТТАЛҒАН
«ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ ЖӘНЕ КОММУНАЛДЫҚ
СЕКТОРЛАРДЫ ЖАҢҒЫРТУ» ҰЛТТЫҚ ЖО-
БАСЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛЫП ЖАТЫР.
БҰЛ ТУРАЛЫ ҚОҒАМДЫҚ КОММУНИКА-
ЦИЯ ОРТАЛЫҒЫНДА ӨТКЕН БРИФИНК-
ТЕ ТАБИҒИ МОНОПОЛИЯЛАРДЫ РЕТ-
ТЕУ КОМИТЕТІНІҢ ӨҢІРЛІК ДЕПАРТАМЕНТІ
БАСШЫСЫНЫҢ ОРЫНБАСАРЫ
АБЫЛАЙХАН АТЖАРИЕВ МӘЛІМДЕДІ.**

Бүгінде тұрғын үй-коммуналдық шаруашылықтағы ең үлкен мәселенің бірі – ескірген құбырлар мен желілер. Оларды тек жөндеп қана қою жеткіліксіз, сондықтан жүйені толық жаңарту, ескі инфрақұрылымды

ауыстыру және жаңа технологияларды енгізу қажет болып отыр. Осы мақсатта елімізде арнайы Ұлттық жоба қолға алынған. Жоба аясында Маңғыстау облысында бірқатар маңызды жұмыстар қолға алынбақ. Атап айтқанда, «МАЭК» кәсіпорнындағы ТЭЦ-1 қазандығын жаңарту, Ақтау қаласының 4 және 5-шағынаудандарындағы жылу желілерін жөндеу, сондай-ақ 7 және 8-шағынаудандардағы су құбыры мен кәріз жүйелерін жаңарту жұмыстары жоспарланған. Бұл жұмыстар 2026-2027 жылдары толық аяқталмақ.

Жоба іске асқаннан кейін ескі желілердің тозуы азайып, апаттық жағдайлар сирейді, су мен жылу қызметінің сапасы жақсарып, энергияны тиімді пайдалану артады. Қазіргі таңда өңірде 44 табиғи монополия субъектісі 71 түрлі қызмет көрсетеді. Олардың кейбірі ұзақ мерзімді тариф арқылы жұмыс істеп, желілерді жаңартуға инвестиция бағыттап отыр. Ұлттық жоба Маңғыстаудың коммуналдық жүйесін жаңартып, тұрғындарға көрсетілетін қызметтің сапасын айтарлықтай жақсартуға мүмкіндік береді.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ

ЦИФРЛЫҚ ЛОГИСТИКАҒА ЖАҢА ҚАДАМ

**2026 ЖЫЛ ҚАЗАҚСТАНДА «ЦИФРЛАНДЫРУ
ЖӘНЕ ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ» ЖЫЛЫ
БОЛЫП ЖАРИЯЛАНДЫ. МЕМЛЕКЕТ
БАСШЫСЫНЫҢ КӨЛІК САЛАСЫНА ЖАҢА
ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ЕНГІЗУ ЖӨНІНДЕГІ
ТАПСЫРМАЛАРЫН ІСКЕ АСЫРУ АЯСЫН-
ДА БІРҚАТАР ШАРАЛАР ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫ-
ЛЫП ЖАТЫР. ОСЫ ЖҰМЫСТЫҢ МАҢЫЗДЫ
КЕЗЕҢДЕРІНІҢ БІРІ ҚАЗАҚСТАН МЕН РЕСЕЙ
БІРЛЕСІП ЖҮЗЕГЕ АСЫРҒАН АЛҒАШҚЫ
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ПИЛОТСЫЗ ЖҮК ТАСЫМА-
ЛЫ ЖОБАСЫ БОЛДЫ. ЖОБА АЯСЫНДА
МАРШРУТТЫҢ ЖЕКЕЛЕГЕН УЧАСКЕЛЕРІ ЕКІ
ЕЛ АУМАҒЫНДА ПИЛОТСЫЗ РЕЖИМДЕ ЖҮРІП
ӨТТІ. РЕЙС БІР УАҚЫТТА МӘСКЕУ – АСТАНА
ЖӘНЕ АСТАНА – МӘСКЕУ БАҒЫТТАРЫ БО-
ЙЫНША ҰЙЫМДАСТЫРЫЛДЫ.**



Екі елдің Көлік министрліктері «КАМАЗ» компаниялар тобымен бірлесіп, бірегей жобаны – екі елдің астаналары арасындағы жүк автокөлік құралдарының пилотсыз жүруін сәтті жүзеге асырды. Алғашқы сынақ рейсі Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы стратегиялық ынтымақтастықтың маңызды кезеңіне айналды және тараптардың жоғары технологиялық көлік секторын белсенді дамытуға дайын екендігін көрсетті.

Сынақ рейс барысында мамандар пилотсыз жүйелердің негізгі жұмыс тетіктерін тексерді. Атап айтқанда, маршрут бойындағы байланыс сапасы, жолдың цифрлық көшірмесінің дәлдігі, сондай-ақ байланыс болмаған жағдайдағы көліктің әрекеті сыналды. Бұл жоба Еуразиялық экономикалық одақ аясында пилотсыз тасымалдарға қатысты үйлестірілген заңнаманы қалыптастыруға жасалған алғашқы қадам болды.

Пилотсыз технологиялар көлік саласын қауіпсіздік, тиімділік және бәсекеге қабілеттілік тұрғысынан жаңа деңгейге шығарады. Оның басты артықшылықтарының бірі – жол-көлік оқиғаларының негізгі себептерінің бірі саналатын адам факторын барынша азайту.

Сонымен қатар жоба әлемдік логистика саласындағы басты мәселелердің бірі – жүк көлігі жүргізушілерінің тапшылығына технологиялық жауап болмақ. Егер жүргізуші орта есеппен тәулігіне шамамен 8 сағат көлік жүргізсе, пилотсыз көлік іс жүзінде тәулік бойы жұмыс істей алады. Бұл тасымал өнімділігін едәуір арттырып, рейстер санын бірнеше есеге көбейтуге мүмкіндік береді.

Үздіксіз жұмыс, жоғары дәлдік пен қауіпсіздіктің күшеюі заманауи логистиканың жаңа стандартын қалыптастырады. Мұндай артықшылықтар көлік бағыттарының бәсекеге қабілеттілігін арттырып, жүк тасымалы көлемін ұлғайтуға және Еуразия кеңістігінің транзиттік әлеуетін нығайтуға бағдарланған.

Жоба аясында пилотсыз жүк автокөліктері шамамен 3000 шақырымдық бағытты екі тәулікте жүріп өтіп, жол жүру уақытын екі еседен астам қысқартты.

Пилотсыз технологияларды енгізу пайдалану шығындарын азайтуға, бос тұрып қалу уақытын қысқартуға және халықаралық тасымалдардың тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

Жоба пилотсыз тасымалдарды одан әрі дамытуға үлкен мүмкіндік бар екенін көрсетті. Қазіргі таңда тараптар мұндай тасымалдарды кең көлемде енгізу үшін қажетті институционалдық база мен инфрақұрылымды қалыптастыру жұмыстарын бастады.

ҚР КӨЛІК МИНИСТРЛІГІ

ҒЫЛЫМҒА БЕТ БҰРҒАН ЖАС БАСШЫ

ЕСЕНОВ УНИВЕРСИТЕТІ – ӨНІРГЕ САПАЛЫ БІЛІМ МЕН САНАЛЫ ТӘРБИЕ БЕРЕТІН МАМАНДАР ДАЯРЛАЙТЫН ІРГЕЛІ ОҚУ ОРНЫ.

Осы білім ордасының мақтан тұтатын тұлғаларының бірі – Майрамов Бексұлтан Нұрмұханұлы.

Қазіргі қоғамда білім мен ғылымды қатар алып жүрген жас мамандар – ел болашағының сенімді тірегі. Осындай ізденімпаз, білімге құштар, кәсіби шеберлігімен ерекшеленетін азаматтардың бірі – Бексұлтан Нұрмұханұлы.

Бүгінде ол Ақтау қаласындағы №33 жалпы білім беретін мектеп директоры қызметін абыроймен атқарып келеді.

Бексұлтан Нұрмұханұлы 2012–2016 жылдары Ш.Есенов атындағы университетте биология пәні мұғалімі мамандығы бойынша білім алып, студенттік жылдардан бастап өзінің ізденімпаздығымен, жауапкершілігімен және көшбасшылық қасиеттерімен ерекшеленді. Университетте қабырғасында алған терең білімі мен тәжірибесі оның болашақ маман ретінде қалыптасуына берік негіз болды.

Еңбек жолын Ақтау қаласындағы №21 жалпы білім беретін мектепте биология пәнінің мұғалімі болып бастаған жас маман аз уақыт ішінде кәсіби шеберлігімен танылды. Ол директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары, кейін мектеп директорының міндетін атқарушы қызметтерін атқарып, білім беру саласындағы ұйымдастырушылық қабілетін көрсете білді.

2025 жылдан бастап №33 жалпы білім

беретін мектеп директоры болып тағайындалған Бексұлтан Нұрмұханұлы заманауи білім беру жүйесін дамытуға ерекше үлес қосып келеді. Жаңа форматтағы мектептің қалыптасуы мен дамуына жетекшілік етіп, оқушыларға сапалы білім мен қолайлы орта қалыптастыру жолында еңбек етуде. Мектептің басты мақсаты – заманауи талаптарға сай, бәсекеге қабілетті, білімді ұрпақ тәрбиелеу.

Кәсіби жетістіктері де аз емес. Ол – педагог-сарапшы, II санатты басшы-менеджер. Сонымен қатар облыстық білім басқармасы мен жастар саясаты басқармасының Алғыс хаттарымен марапатталған. Бұл – оның білім саласындағы табанды еңбегі мен нәтижелі қызметінің айқын дәлелі.

Бүгінде Бексұлтан Майрамов – жастарға үлгі боларлық ұстаз, жанашыл басшы, өз ісіне адал маман. Университеттен алған білімін тәжірибемен ұштастыра отырып, шәкірт тәрбиесіне және білім саласының дамуына сүбелі үлес қосып келеді.

Мектеп басқару қызметімен қатар, ол кәсіби дамуды басты орынға қойып, магистратураға түсіп, ғылыми-зерттеу жұмыстарымен айналысып келеді. Бұл – оның білім мен ғылымға деген ерекше құрметінің, үздіксіз ізденісінің айқын дәлелі.

Қазіргі таңда ол педагогика және білім беру саласындағы өзекті мәселелерді зерттеп, заманауи білім беру үдерісін же-

тілдіруге бағытталған ғылыми жұмыстар жүргізуде.

Ғылыммен айналысу – үлкен жауапкершілік пен табандылықты талап етеді. Басшылық қызмет пен ғылыми ізденісті қатар алып жүру кез келген адамның қолынан келе бермейді. Алайда Бексұлтан Нұрмұханұлы өз ісіне деген адалдығының арқасында осы бағытта табысты еңбек етіп келеді. Оның ғылыми ізденістері мектеп тәжірибесінде де көрініс тауып, білім сапасын арттыруға оң ықпалын тигізуде.

Жас басшының басты ұстанымы – «білім тоқтаған жерде даму тоқтайды». Сондықтан ол үнемі өзін жетілдіріп, жаңа идеялар мен инновациялық әдістерді тәжірибеге енгізуге ұмтылады. Әріптестері арасында жаңашыл, ізденімпаз маман ретінде танылып, жас педагогтерге үлгі болуда.

Бүгінде Бексұлтан Нұрмұханұлы – білім саласында ғана емес, ғылым жолында да өз орнын қалыптастырып келе жатқан жас зерттеуші. Оның еңбегі мен талпынысы – қазіргі жастар үшін үлкен мотивация.

Осындай білімді, ғылымға құштар, ел болашағына бейжай қарамайтын жас мамандар – Қазақстанның жарқын келешегінің кепілі. Бексұлтан Нұрмұханұлына ғылыми ізденістерінде табыс, шығармашылық шабыт және жаңа жетістіктер тілейміз.

Эльвира САГИНДЫКОВА,
Ш.Есенов атындағы КТЖИУ-дің қауымдастырылған профессоры.

ЖАС ҒАЛЫМНЫҢ ҒЫЛЫМИ ЖОЛЫ

Тайжанова Ляйлим Сабитаевна – экология және қоршаған ортаны қорғау саласында заманауи ғылыми бағыттарды жүйелі түрде дамытып келе жатқан, жоғары ғылыми-педагогикалық әлеуетке ие білікті ғалым. Оның ғылыми қызметі тұрақты даму тұжырымдамасы, өндірістік экология, ағынды суларды тазарту және табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану сияқты өзекті мәселелерді қамтиды. Бұл бағыттар – қазіргі жаһандық экологиялық сын-қатерлер аясында ерекше маңызға ие.

Ғалымның кәсіби қалыптасуы Ш.Есенов атындағы Ақтау мемлекеттік университетінде бастау алып, ол еңбек және өмір қауіпсіздігі мамандығы бойынша 2007 жылы үздік дипломмен тәмамдады. Білімін жалғастыра отырып, 2013 жылы экология мамандығы бойынша жаратылыстану ғылымдарының магистрі дәрежесін алды. Ғылыми ізденістерін тереңдету мақсатында докторантурада білім алып, 2023 жылы ««Caspi Bitum» БК» ЖШС-дегі мұнай құрамды өндірістік сарқынды суларды тазарту үдерістерін жетілдірудің экологиялық аспектілері» тақырыбында докторлық диссертациясын қорғап, PhD дәрежесіне ие болды.

Еңбек жолын асистент қызметінен бастаған Л.Тайжанова бүгінде ғылым және зерттеу басқармасының басшысы ретінде ғылыми-зерттеу жұмыстарын үйлестіруде маңызды рөл атқарады. Оның ғылыми қоржынында 50-ден астам мақала бар, оның ішінде халықаралық Scopus базасында жарияланған жоғары деңгейлі еңбектері де кездеседі. Бұл оның зерттеулерінің халықаралық ғылыми қауымдастық тарапынан мойындалғанын көрсетеді. Ғалымның ғылыми жобаларға қатысуы – оның кәсіби шеберлігінің айқын дә-

лелі. Ол «Жас ғалым» жобасы аясында битум зауытының ағынды суларын тазартуға арналған гелиокондырғыны әзірлеу тақырыбында ғылыми жетекшілік етуде. Сонымен қатар Батыс Қазақстан өңірінің тұрақты дамуына арналған ірі ғылыми бағдарламаларда, сондай-ақ өнеркәсіптік химия және Каспий теңізінің экологиялық жағдайын зерттеуге бағытталған жобаларда белсенді қызмет атқаруда. Бұл жобалар экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мен ресурстарды тиімді пайдалану мәселелерін шешуге бағытталған.

Л.С.Тайжанова ғылыми кадрларды даярлау ісінде де ерекше белсенділік танытып келеді. Оның жетекшілігімен студенттердің ғылыми жұмыстары республикалық байқауларда жүлделі орындарға ие болып, жоғары бағаланып отыр. Ол жас зерттеушілердің ғылыми әлеуетін дамытуға, олардың зерттеу дағдыларын жетілдіруге және ғылыми ортада өз орнын табуына ықпал етуде.

Сонымен қатар ғалым ғылыми нәтижелерді коммерцияландыру бағытында да нәтижелі жұмыстар жүргізуде. Инвесторлармен тиімді келіссөздер жүргізіп, ғылыми жобаларды қаржыландыруға инвестициялар тарту арқылы ғылым мен өндіріс арасындағы байланысты нығайтуда. Бұл оның ұйымдастырушылық қабілеті мен стратегиялық ойлау деңгейінің жоғары екенін көрсетеді.

Ғылым жолындағы табанды еңбегі мен ізденісі өз жемісін беріп, алдағы уақытта да сәттілік пен жаңа жетістіктерге жетелей берсін.

Айнур ЖИДЕБАЕВА,
Ш.Есенов атындағы КТЖИУ-дің технологиялар және инженеринг университетінің жаратылыстану ғылымдары кафедрасының аға оқытушысы.

50 ҚЫЗМЕТКЕРДІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ ҚАЛПЫНА КЕЛТІРІЛДІ

Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметін дамытудың 2024–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасында «Азаматтардың мүддесінде жүзеге асырылатын және қоғамдық өмірдің барлық салаларын қамтитын мемлекеттік қызметшілер қызметінің ерекшелігі олардың ерекше рөлін айқындайтындығы» көрсетілген. Сондықтан оның тиімділігіне кедергі келтіруі және теріс әсер етуі мүмкін мемлекеттік қызметшінің арнамысы мен қадір-қасиетіне қол сұғу оның жеке құқықтары мен боғанндықтарына ғана емес, азаматтар мен қоғамның мүдделеріне де әсер етеді.

Мемлекеттік қызметшінің арнамысы мен қадір-қасиетіне әсер ететін әрекеттер ұжымдағы моральдық-психологиялық ахуалдың демотивациясына және құлдырауына, сәйкесінше бұл мемлекет тарапынан көрсетілетін қызметтер сапасының төмендеуіне әкеледі.

Осыған орай, агенттіктің ең негізгі қызметтерінің бірі мемлекеттік қызметшілердің мүдделерін қорғау және құқықтары бұзылған мемлекеттік қызметшілердің құқықтарын қалпына келтіру болып табылады.

Маңғыстау облысында 2026 жылдың 3 айының қорытындысы бойынша аумақтық департаменттің мемлекеттік қызмет саласын бақылау бағыты бойынша 59 арызшағым қаралып, арызшағымдарды қарау нәтижесінде 5 расталған уәждері бойынша азамат пен мемлекеттік қызметшілердің құқықтарын қорғау бағытында тиісті шешімдер қабылданды.

Департаменттің бақылау бағытында

мемлекеттік қызметкерлер мен азаматтардың арыздары бойынша 7 жоспардан тыс тексеру жұмыстарын жүргізу арқылы қаралды.

Соның ішінде арызшағымдарды қарау нәтижесімен 2026 жылдың 3 айының қорытындысы бойынша 3 мемлекеттік қызметкердің құқықтары қалпына келтірілді.

Атап айтқанда, Қ. есімді мемлекеттік қызметшінің Маңғыстау облысының Әділет департаментіне қатысты еңбек демалысын беруге қатысты келтірген шағымды бойынша Әділет департаментіне тексеру нәтижесімен «Мемлекеттік қызметшілерге демалысын ұсыну кезінде талаптарды сақтау» бойынша ұсыну енгізіліп, ұсыну негізінде Қ. есімді қызметшіге еңбек демалысы беріліп, құқығы қорғалды.

Маңғыстау облысы әкімдігіне қарасты ақпарат және қоғамдық даму басқармасында С. есімді мемлекеттік қызметшіге қолданылған тәртіптік жазаны, мемлекеттік қызметшілерге тәртіптік жазаны сақталмағандығына қатысты қолданылған «ескерту» түріндегі тәртіптік жазаны алып тастау туралы ұсыну енгізіліп, мемлекеттік қызметшіге қолданылған тәртіптік жазасы алынып тасталды.

Сондай-ақ, Г. есімді мемлекеттік қызметшінің өзіне қатысты жүргізілген қызметтік тергеп-тексеру туралы бұйрықтың мерзімінде рәсімделмегеніне байланысты туындаған мәселесі бойынша Маңғыстау облысының Мемлекеттік кірістер департаментімен мемлекеттік қызметшілерге тәртіптік жазаны қолдану қағидаларының талаптары сақталмағандығы анықталып, мем-

лекеттік қызметшінің құқығы қорғалды.

Оған қоса мемлекеттік қызмет саласын бақылау бағытында жүргізілген талдау жұмыстарының нәтижесі бойынша мемлекеттік қызметшілерді оқыту (даярлау, қайта даярлау және біліктілігін арттыру) тәртібі мен мерзімдерін сақтау бойынша 26 бұзушылық анықталып нәтижесімен 26 мемлекеттік қызметшіні қайта даярлау және біліктілігін арттыру бойынша 2026 жылдың жоспарына қосу туралы ұсыну енгізіліп, мемлекеттік қызметшілердің құқықтары қорғалды.

Сонымен қатар аумақтық департамент мемлекеттік органдардың жұмыс уақыты режимінің сақталуына қатысты мониторинг жұмыстарын жүзеге асырады. 2026 жылдың 3 айының қорытындысы бойынша бақылау бағытында барлығы 9 мониторинг жұмыстары жүзеге асырылды. Оның ішінде бару арқылы 8, қашықтықтан 1 мониторинг жұмыстары жүргізілді.

Жұмыс уақыты режимін сақтау бойынша қашықтықтан жүргізілген мониторинг жұмыстарының нәтижесі бойынша 21 бұзушылық анықталып, 16 мемлекеттік қызметшіге 326 тыңғу сағаттары және 5 мемлекеттік қызметшіге ікемді жұмыс уақыты режимі белгіленді.

Мемлекеттік қызмет саласындағы заңнама нормаларының сақталуын бақылау Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Маңғыстау облысы бойынша департаментінің басты назарында.

Қ.ӘДІЛХАНОВ,
Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Маңғыстау облысы бойынша департаменті басшысының орынбасары.

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТІ ЖЕТІЛДІРУ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ САПАСЫН АРТТЫРУ ЖӘНЕ АЗАМАТТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУ – МЕМЛЕКЕТТІК САЯСАТТЫҢ БАСЫМ БАҒЫТТАРЫНЫҢ БІРІ.

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметін дамытудың 2024–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы негізінде азаматтарға бағытталған сервистік мемлекеттік аппарат қалыптастыруға ерекше көңіл бөлінуде.

Қазіргі әлемдік практикада мемлекеттік қызметтің сервистілік және клиентке бағдарлану қағидаларына негізделген моделі айтарлықтай белсенді дамуда.

Мемлекеттік қызметтің сервистілік және клиентке бағдарлану қағидаларына негізделген моделінің негізінде бір жағынан, ел азаматтарының, екінші жағынан, мемлекеттік қызметтің өзара міндеттемелерін бекітетін нормалар қамтылады.

Осыған байланысты агенттікпен мемлекеттік қызмет саласындағы бірыңғай мемлекеттік қызметтің өзара міндеттемелерін бекітетін нормалар қамтылады.

Сонымен қатар адамға бағдарланған сервистік аппарат қалыптастыру, мемлекеттік қызметтің сервистік қызметтердегі ашықтық пен қолжетімділікті қамтамасыз ету және саланы цифрландыру бағытында жүйелі жұмыстар жүргізілуде.

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Маңғыстау облысы бойынша департаменті мемлекеттік қызмет саласындағы бірыңғай мемлекеттік саясатты іске асыру, мемлекеттік қызметтердің көрсетілу сапасын бағалау және бақылау, мемлекеттік қызмет саласын бақылау, мемлекеттік аппаратты бюрократиядан арылту және сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бағытында қызмет атқарады.

Департаментпен мемлекеттік қызметтің көрсетілетін қызметтер бойынша қызмет алушылардың құқықтары өтініштер негізінде жүргізілген жоспардан тыс тексерулер, жоспарлы тексерулер, сұрау салулар, қашықтықтан бақылау нәтижелері және «EgovKzBot2.0» Telegram-боты арқылы қалпына келтірілуде.

Құқықтары қорғалған азаматтардың басым бөлігі жер қатынастары және сәулет-қала құрылысы салаларына қатысты мемлекеттік қызметтер бойынша өтініш білдірген.

Жыл басынан бері департаментке келіп түскен шағымдардың ішінде 9-ы жоспардан тыс тексеру, 47-сі сұрау салу арқылы қаралды. Нәтижесінде, дәлелденген шағымдар бойынша қызмет алушылардың құқықтары толық қалпына келтірілді. Департаментпен 1 тоқсанда жүргізілген бақылау іс-шаралары нәтижесінде, барлығы 13 335 бұзушылық анықталды. Бұзушылықтардың негізгі бөлігі – қызмет көрсету тәртібін сақтамау, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету мерзімдерін бұзу және өзге де бұзушылық деректері.

Анықталған бұзушылықтарға қатысты лауазымды тұлғаларға әкімшілік құқықбұзушылық бойынша 10 хаттама және 10 мемлекеттік қызметшіге тәртіптік жазаны қолданылды.

Сонымен қатар департаментпен мемлекеттік қызмет көрсету сапасын арттыру мақсатында бірқатар профилактикалық шаралар жүзеге асырылуда. Атап айтқанда, «Елге қызмет» телебағдарламасы, «Ең алдымен адамдар» бағдарламасы аясында семинарлар және де түсіндіру іс-шаралары ұйымдастырылуда.

Бұған қоса мемлекеттік қызметтің көрсетілетін қызметтердің тәртібін талдау нәтижесі бойынша тұрақты негізде ұсыныстар әзірленуде, оның ішінде құқықтық реттеу, автоматтандыру және мемлекеттік қызмет көрсету үдерістерін жетілдіру бағыттары қамтылған.

Осы ретте мемлекеттік қызмет көрсету кезінде бұзушылықтарға тап болған азаматтар департаментке тікелей жүгінуіне немесе «EgovKzBot2.0» Telegram-боты арқылы шағым түсіруіне болады.

Мекенжай: Ақтау қаласы, 14-шағынаудан, 71-ғимарат, 2-қабат.

Тоқтамыс ЖУМАҒҰЛОВ,
Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Маңғыстау облысы бойынша департаментінің басшысы, Әдеп жөніндегі кеңес төрағасы.

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Becturly Energy Operating» ЖШС 2026 жылғы 1 шілде күні сағат 11:00-де, Маңғыстау облысы, Қаракия ауданы, Жетібай кентіндегі мәдениет үйінде ғимаратында экологиялық рұқсат алу материалдары бойынша: «Шығыс Бектұрлы кен орнының №№ БВ-1, БВ-2, БВ-1, БВ-10, БВ-11, БВ-12 ұңғымаларын жайластыру (Маңғыстау облысы)» жобасының ҚОҚБ, «Шығыс Бектұрлы кен орнындағы БВ-1 ұңғымасының сағасындағы технологиялық кешен» жобасының ҚОҚБ, «Шығыс Бектұрлы кен орнының БВ-1, БВ-2, БВ-1, БВ-10, БВ-11, БВ-12 ұңғымаларына кірме автожолдар мен алаңдар салу (Маңғыстау облысы)» жобасының ҚОҚБ, «Бектұрлы Шығыс» учаскесіндегі БВ-4 бағалау ұңғымасын салуға арналған» жобасының ҚОҚБ, сондай-ақ 2026–2027 жылдарға арналған нормаларының жобасы, ҚББ, ЭББ, ТҚ шаралар бойынша ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдау өтетін хабарлайды.

Онлайн қосылу сілтемесі: <https://us05web.zoom.us/j/85930950281?pwd=1AhkhlhM2Xy0NGarB0JlJYoGgASRZ.1>. Конференция идентификаторы: 859 3095 0281. Кіру коды: 12345678.

Жергілікті атқарушы органның атауы және қоғамдық тыңдауларды ұйымдастыруға жауапты адамның байланыс деректері – Маңғыстау облысы бойынша табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы, бас маман – С.Базарбай, s.bazarbay@mangystau.gov.kz – ескертулер мен ұсыныстар үшін. Жобалық құжаттамамен ақпараттық порталда (www.ndbecology.gov.kz) танысуға болады.

Жоспарланған қызметтің бастамашысы: «Becturly Energy Operating» ЖШС. БСН:150740016853, Ақтау қ., 14-ша, 70-ғимарат, тел: 8(7292)46-23-06, ye.rakhimov@becturly.kz/.

Әзірлеушінің атауы және байланыс деректері - ЖК «Күшенова С.М.», Ақтау қ., 15-ш/а. 64-ғимарат, тел: 8 701 7671023, kushenova_s@mail.ru.

Қызметтің жоспарланып отырған түрі, қоғамдық тыңдауларды өткізу, сондай-ақ құжаттардың көшірмелерін сұрату бойынша қосымша ақпарат алу үшін 8 (7292) 46-23-06 телефонна немесе ye.rakhimov@becturly.kz электронды поштасына хабарласуға болады.

Кенжебек Силхан Канапияұлының қайтыс болуына және мұралық іс ашылуына байланысты оның мұрагерлерін іздейміз. Бір ай мерзімде мұрагерлерін мына мекенжай бойынша нотариуске хабарласуын сұраймыз: Ақтау қаласы, 8-шағын ауданы, 14-үй, 2-пәтер, тел. 87019998733. НОТАРИУС РАХМАН Ө.Е.